



ҚАЗАҚСТАН мен ИТАЛИЯ

Астана мен Рим серіктестігінің жаңа кезеңі

2

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №86 (6648) 30 қыркүйек, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АЛМАТЫ мен БІРІККЕН КОРОЛЬДІК:

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті Елшісі Салли Джейн Аксуорсимен кездесті.

Кездесу барысында тараптар сауда-экономикалық, білім беру, туристік және гуманитарлық салалардағы әріптестікті кеңейту жайын талқылады.

Дархан Сатыбалды биыл Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 33 жыл толғанын атап өтті. «Алматы еліміздің ірі іскерлік және мәдени орталығы ретінде өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүдделі. Ұлыбритания білім беру саласындағы маңызды серіктес болып қала береді. Бүгінде 300-ге жуық қазақстандық студент Британ университеттерінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алууда, Алматыда British Council кеңсесі



табысты жұмыс істеуде. 20 жылдан астам уақыт бойы Қазақстан–Британ техникалық университеті жұмыс істеп келеді, ал 2021 жылы de Montfort бірінші толық Британдық университеті ашылды», – деп атап өтті шаһар басшысы.

Кездесу соңында тараптар экономикалық және мәдени байланыстарды нығайту, сондай-ақ Алматы мен Біріккен Корольдік арасындағы серіктестіктің жаңа форматтарын ілгерілету бойынша бірлескен жұмысты жалғастыруға дайын екендіктерін мәлімдеді.

Биыл қаңтар–шілде айларында Алматы мен Ұлыбритания арасындағы тауар айналымы 125,5 млн. АҚШ долларына жетті. Алматыға келген туристер саны 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 1,1 млн. адам болды, бұл былтырғы жартыжылдықпен салыстырғанда, 6,5%-ға өскен.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

«ҚАЙРАТҚА» – СӘТТІЛІК!

Бүгін сағат 21.45-те Орталық стадионда УЕФА Чемпиондар Лигасының топтық кезеңі аясында алматылық «Қайрат» пен испаниялық «Реал Мадрид» ойыны өтеді.



Досбол АТАЖАН

28 қыркүйектен 29-ына қараған түні «Реал Мадрид» командасы Алматыға ұшып келді. Испаниялық ойыншылар отырған ұшақтың жолын электронды карта арқылы тікелей эфирде 5 мыңнан астам адам тамашалап отырды. Ал әуе кемесі еліміздің алып мегаполисіне қонған соң, футбол жұлдыздарын әуежай қызметкерлері Чемпиондар Лигасының әнұранын ұлттық аспаптармен орындап қарсы алды. Әуе айлағынан бастап қонақүйге дейін футболшылар мінген автобус жанкүйерлер назарында болды.

Жалпы, елімізге ұшып келген «Реал Мадрид» футболшыларының тізімі келесідей:



– Қақпашылар: Куртуа, Луни, Хави Наварро.

– Қорғаушылар: Алаба, Асенсio, А.Каррерас, Фран Гарсия, Хейсен, Давид Хименес.

– Жартылай қорғаушылар: Беллингем, Камавинга, Вальверде, Тчуамени, Арда Гюлер, Себальос.

– Шабуылшылар: Винисиус Жуниор, Эндрик, Мбаппе, Родриго, Гонсало, Браим, Мастантуоно.

«Қайрат» сапында жарақатына байланысты қақпашылар – Александр Зарукий мен Темірлан Анарбеков, жартылай қорғаушы – Гиорги Зария алаңға шыға алмайды. Қалған ойыншылар матчқа дайындалып жатыр. Бүгін мегаполисте нағыз футбол мерекесі орнап, Алматының бас-

ты алаңы лық толады. Ойын билеттері сатылымға шыққан бойда санаулы сағаттарда-ақ түгел сатылып кетті. Осы орайда, қалалық полиция департаменті азаматтарды ойын алдында және матчтан кейін құқықбұзушылық жасамауға және тәртіп сақтауға шақырды. Ал біз өз тарапымыздан алматылық «Қайрат» футбол клубына сәттілік тілейміз!

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



@AQSHAMY_KZ



AQSHAMY_KZ



AQSHAM_NEWS



AQSHAM_NEWS

www.aqshamnews.kz



9 772223 237006



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-сессиясы:
ӘЛЕМ КӨШБАСШЫЛАРЫ
не деді?

23–29 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-сессиясы өтті. Онда ұйымға мүше мемлекеттердің көшбасшылары сөз сөйледі. Мақалада әлемнің дамыған және ықпалды елдер басшыларының мәлімдемелерін талдаймыз. Басты назарда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің (ҚК) тұрақты мүшелері болмақ.



(Суреттер: БҰҰ ресми сайты).

Жыл сайын қыркүйекте әлем елдері БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясына жиналады. Онда ұйымға мүше мемлекет басшылары Жалпы дебат аясында сөз сөйлейді. Жиынды дәстүр бойынша Бас хатшы ашып береді.

Биыл Антониу Гутерриш өз сөзінде ұйымға мүше мемлекеттерді халықаралық құқықты сақтауға шақырды. Судан, Украина, Газа секторындағы қақтығыстардың халықаралық құқық аясында шешілуі қажет екенін айтты. Сондай-ақ, адамзат үшін негізгі сынақ пен қауіп климаттың өзгеруі мен ЖИ екенін еске салды.

Әлемдік саясатта және БҰҰ-да Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері маңызды рөл атқарады. Оларға АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Қытай және Ресей кіреді.

Аталмыш мемлекеттердің ішінде алғашқы сөз АҚШ президенті Дональд Трампқа тиді. Ол өз сөзінде елдің экс-президенті Джо Байденнің саясатын, БҰҰ-ны сынға алды. Бұрынғы биліктің миграциялық және экономикалық дағдарысқа себепші болғанын тілге тиек етті. Ал БҰҰ-ның әлемдегі қақтығыстарды шешуге қауқарсыз екенін айтып, билікке келгелі бері 7 қақтығысты реттегенін мәлімдеді.

Сондай-ақ, Палестинаны тәуелсіз ел ретінде мойындау қате екенін айтты. Украина мәселесіне келгенде, Ресей дағдарысты шешуге ұмтылмаса санкцияны үдететінін ескертті. Бұдан бөлек, Иранның атомдық қару бағдарламасының жүзеге аспауы үшін барлық шара қолданатынын мәлімдеді.

Франция президенті Эммануэль Макрон әлемде болып жатқан қақтығыстарды атап өтіп, Женева конференциясының сақталуы қажет екенін айтты. Украина, Ливан және Сирия дағдарыстарында аталмыш конференцияның шарттары бұзылғанын атап өтті. АҚШ президентінің Ресейге қатысты мәлімдемесін қолдайтынын мәлімдеді.

Ал Газа секторындағы дағдарыс Палестина мен Израиль қос тәуелсіз ел ретінде мойындалса ғана реттелетінін айтты. Бұл бағытта Дональд Траппен көзқарасы екі айырылғанын байқауға болады. Сондай-ақ, Макрон БҰҰ-на қарата айтылған сынға

қосылмады. Оның сөзінше, бұл ұйым қажет және барлық мемлекеттер халықаралық құқықты сақтауы тиіс.


Ұлыбританияның премьер-министрінің орынбасары Дэвид Лемми Газа секторындағы гуманитарлық дағдарысты сынға алып, Израильді айыптады. Ол Ұлыбританияның жақында Палестинаны тәуелсіз ел ретінде мойындағанын айтып, қос мемлекет қағидасын қолдайтынын жеткізді. Бұдан бөлек, Украина-ны қолдап Ресейді сынға алды. Қала берді, ЖИ-дің мүмкіндіктерімен қоса тәуекелдері де бар екенін айтып, оны тиімді қолдануға шақырды.

ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Ли Цзянның сөздерінен көрші елдің халықаралық саяси текетірістерге кіріспейтінін байқауға болады. Тек қана Украина, Палестина – Израиль қақтығыстарын бейбіт жолмен реттеуге бағытталған келіссөздерге ашық екенін мәлімдеді. Әлем және БҰҰ дағдарысты реттеуге мүдделі екенін айтып, Қытайдың жаһандық бастамасын қолдауға шақырды.

Сондай-ақ, халықаралық сауда-экономикалық қатынастағы біржақты тарифтік саясатты сынға алды. Оның сөзінше, ашық сауда мен нарықтық қатынастар қажет. Бұл мәлімдемесі арқылы спикер АҚШ-тың сыртқы экономикалық саясатын сынағанын байқаймыз. Бұдан бөлек, Бейжің жасанды интеллектті дамытуда этикалық мәселелерді естен шығармауға шақырды.

Ресейдің Сыртқы істер министрі Сергей Лавров БҰҰ ҚК реформалауға шақырды. Мәскеу ҚК тұрақты мүшелерінің құрамына Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің болғанына мүдделі екенін айтты. Әсіресе, ШЫҰ, Африкалық одақ және BRICS елдеріне басымдық берді. Оның сөзінше, қазіргі жүйе көпполюсты әлемге тура келмейді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



(Дереккөз: egov.kz).

ҚАЗАҚСТАН мен ИТАЛИЯ

Астана мен Рим серіктестігінің жаңа кезеңі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Италия Президенті Серджо Маттарелла елімізге ресми сапармен келді.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН
ЕУРОПАНЫ ЖАЛҒАЙТЫН
НЕГІЗГІ ТІРЕК

Қазақстан Италияның Орталық Азиядағы жетекші серіктесі болса, Италия еліміздің сауда әріптестерінің үштігіне енетін, ірі инвесторларының бірі. Қос ел арасындағы тауар айналымы 24 пайызға артып, 2024 жылы 20 миллиард долларға жетті. Биыл елімізге ресми сапармен Италия Президенті наурыз айында келсе, премьер-министрі Джорджа Мелони мамыр айында ресми іссапармен келіп, «Орталық Азия – Италия» саммитіне қатысып еді. Италия Президенті елімізге ресми сапармен қыркүйек айында екінші рет келді. Бұл дегеніміз, Италия мен Қазақстан, Орталық Азия мен Еуропа арасын жалғайтын негізгі тірек елдер екендігін көрсетсе, екіншіден, қос аймақ арасындағы логистика, сауда, инвестиция салаларындағы қарқын алған оң өзгерістердің айғағы. Мақалада Серджо Маттарелланың ресми сапары аясында Қазақстан мен Италия қарым-қатынасындағы өзгерістерді талдап көрейік.

- 2009 жылы тараптар Стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойып, 2024 жылдан бастап мемлекет басшыларының өзара сапарлары ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтерді.**
- Серджо Маттарелла Италияның 12-ші президенті, қызметін 2015 жылдан бері атқарады.**
- Италия Қазақстанның Еуропадағы басты сауда серіктестерінің бірі. 2024 жылы екіжақты тауар айналымы шамамен, 20 млрд. АҚШ долларына жетті.**
- Қазақстаннан экспорт ретінде негізінен мұнай, металл, шикізат жіберілсе, Италиядан өнеркәсіптік жабдықтар, фармацевтика,**

машина жасау өнімдері импортталады.

- Елімізде 250-ден астам италиялық компания бар.**
- Жасыл энергетика, инфрақұрылым, су ресурстарын басқару, цифрландыру салалары қарқынды дамуда.**

БАСТЫ
ИНВЕСТИОРЛАРДЫҢ БІРІ

Астана мен Рим арасындағы саяси-экономикалық байланыстар соңғы жылдары ерекше серпінде даму үстінде екендігіне куәміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Қазақстанға ресми сапармен келген Италия Президенті Серджо Маттарелла екіжақты қарым-қатынастардың жаңа кезеңін айқындап беруі осының айғағы. Қос ел арасындағы байланыс тек мемлекетаралық қана емес, логистика, инвестиция және білім, мәдени салаларда өңіраралық көпір ретінде қалыптасуда.

Қазақстан мен Италия 2009 жылдан бері стратегиялық әріптестік негізде байланысын жүйелі түрде дамытуда. Алғашқы жылдары байланыс мұнай және газ салаларымен шектелсе, соңғы жылдары жасыл энергетика, технология цифрландыру мен су ресурстарын дамыту, мәдениет салаларына ерекше ден қойылып отыр.

Қазақстаннан Италияға экспорт негізінен мұнай, металл, шикізатқа құрылса, Италиядан импортқа машина жасау жабдықтары, өнеркәсіп өнімдері мен фармацевтика салалары тиесілі. Италия инвесторлары Қазақстанның мұнай-газ секторында айтарлықтай үлеске ие. Мысалы, «Қашаған» жобасында 16,8 пайыз, «Қарашығанақта» шамамен, 29 пайыз үлес Италия компанияларына тиесілі. Президенттер арасындағы байланыс бұл жолы тек инвестиция саласымен шектелмей, су ресурстарын басқару, логистика, цифрлық технологиялар, жасыл энергетика бағыттарында жаңа келісімдер жасалды. 2025 жылғы сапарлар барысында қол қойылған құжаттардың жалпы құны төрт миллиард еуроға бағалануының өзі осы серпінді айқындап отыр.

«ОРТА ДӘЛІЗ»
АЯСЫНДАҒЫ ОРТАҚ МҮДДЕ

Геосаяси тұрғыдан Қазақстан мен Италия қатынастарының ең маңызды сауда жолдарының бірі – «Орта дәліз» сауда жолы. Еуропа мен Қытай арасындағы сауда жолдарын әртараптандыру мақсатында дәліз аясында Италия мен Қазақстан арасындағы сауда айналымы жүйелі түрде жолға қойылып отыр. Қазақстан, Қытай мен Еуропа елдерін жалғайтын көпір негізінде логистикалық әлеуетін арттырып отырғанын көреміз.

Мәдениет пен білім саласындағы байланыстар да назардан тыс қалмады. Бүгінде екі елдің жоғары оқу орындары арасында ондаған келісім бар, ал мәдени ынтымақтастық аясында өнер көрмелері, кино апталықтары, тіл үйрету жобалары ұйымдастырылуда.

Италия Президенті Серджо Маттарелланың сапары Қазақстан мен Италия мемлекетаралық байланысының жаңа кезеңін ашып, тек энергия мен шикізатқа емес, логистикадан бастап экологияға, цифрлық технологиялардан бастап мәдени байланыстарға дейінгі кең ауқымды қамтуымен ерекшеленіп отыр. Еліміз үшін Италия бағыты көпвекторлы саясаттың жаңа бір бағыты болса, Италия үшін Орталық Азиядағы сенімді әріптестік алаңы екендігі анық. Өзара прагматикалық құндылықтарға негізделген дипломатиялық байланыс, геосаяси күрделі өзгерістер аясында маңыздылығын арттыра бермек.

Қазақстан мен Италия байланысы тек сауда, инвестиция мен энергетикаға негізделген біржақты байланыс емес, кең ауқымды стратегиялық әріптестік негізінде қалыптасып отырған байланыс. Қазақстан мен Италия арасындағы ынтымақтастық болашағы айқын және стратегиялық мәнге ие.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.





ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ҚАЛАҒА КӨШКЕН ҚАЗАҚ:

Ауыл тағдырын кім ойлайды?

Кейінгі жылдары Қазақстанда ауыл халқының қалаға жаппай көшуі белең алып келеді. Бұл үрдіс урбанизация деп аталатын жаһандық құбылыстың бір көрінісі болса да, оның ел ішіндегі әлеуметтік, экономикалық және демографиялық салдары ауыр. Қаңырап бос қалған ауылдар мен бүгінде жүктемесі артып, аяқ алып жүре алмайтын жағдайға жеткен қалалардың қазіргі жағдайы көпті толған-дырмай қоймайды.

Статистика сөйлесін

2025 жылы көктемде жарияланған Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша Қазақстан халқының саны – 20,3 миллион адамға жеткен. Соның ішінде қала тұрғындары – 12,8 млн. (шамамен, 63%), ал ауыл тұрғындары – 7,5 млн. (37%) шамасында. Бұл көрсеткіш 2009 жылғы халық санағындағы ауыл тұрғындары үлесінің (47,4%) төмендегенін көрсетеді.

2030 жылға қарай ауыл халқының саны тек 1%-ға, 7,7 млн. адамға дейін, ал 2050 жылға қарай шамамен, 9%-ға, 8,2 млн. адамға дейін өсуі мүмкін. Бұл – ойдан құрастырылған статистикалық дерек емес, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ (бұдан әрі – ЕРДО) Болжау және зерттеу департаментінің сарапшыларының дайындаған болжамы.

Алматы қаласы халқының саны 2,6 млн. адамнан асса, Астана тұрғындары 1,9 млн. Шымкент халқы 1,4 млн. межеден асады екен. Бұдан бөлек, Маңғыстау мен Ақтөбе, Түркістан облысы халқының саны өсіп, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан мен Павлодарда адам кемиді. Ал ауыл халқы оңтүстік пен батыс өңірлерде ғана өспек.

Департамент болжамынша, ауыл тұрғындары санының ең көп азаюы Қостанай облысында күтілуде – 163,6 мың адамға қысқарып, 151,7 мың адам болады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда, 52%-ға аз. Абай облысындағы көрсеткіш 149,6 мың адамға азайып, халық саны 87,6 мың адам болады. Солтүстік Қазақстан облысында ауыл халқының саны 2050 жылға қарай 141,6 мың адамға қысқарып, 131,3 мың болады деп болжанды.

2024 жылы ауылдан қалаға көшіп кеткендер саны 111 400 адамға жетіп, бұл көші-қон тарихындағы рекордтық көрсеткіштердің бірі болды. Ұлттық экономика министрлігінің мәліметі бойынша, кейінгі он жылда Қазақстан картасынан 572 ауыл жойылған. Ауыл халқының жылдан-жылға азайып бара жатқаны Мәжіліс отырыстарында да жиі талқыланатын мәселе. «Бүгінгі күнде елімізде 6208 ауыл бар, ал 2023 жылы 6286 ауыл болды. Сонда тек 2 жылдың ішінде 80 ауыл жойылды. Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысындағы сөзінде: ауылдық аймақтарды жан-жақты дамытуға арналған мемлекеттік қолдау шараларының бәрін бір бағдарламаға біріктіру қажеттігін баса айтқаны баршаңызға мәлім. Сондықтан осы мәселені талқылап, ауылдарды соның ішінде шекара маңындағы ауылдарды дамыту бойынша нақты шешімдерге келген жөн», – деген еді Мәжіліс депутаты Жигули Дайрабаев.


Көші-қон себептері

Ауылдан қалаға көшу бірнеше негізгі себептерге байланысты:

- Экономикалық себептер: Ауылдарда жұмыс орындарының тапшылығы, тұрақсыз табыс, ауыл шаруашылығына тәуелділік.
- Білім мен медицина: Қалаларда жоғары білім, сапалы мектеп пен медицина қолжетімді.
- Инфрақұрылым: Жол, жарық, интернет, су жүйесі секілді қажеттіліктер ауылдарда жеткіліксіз.
- Жастар миграциясы: Жас буын жоғары оқу орындарына түсу, мансап құру үшін қалаға көшіп, сол жерде қалып қояды.

«Ауыл халқы азайды» деп дабыл қағудың қажеті жоқ

Енді бір жағынан урбанизацияны экономикалық сала деп бағамдар болсақ, мұны жаға ұстатарлық құбылыс емес екенін аңғарамыз. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметінше, 2020 жылы қалалану деңгейі АҚШ-та – 82,5, Германияда – 77,4, Жапонияда – 91,7, Ұлыбританияда – 83,7, Францияда – 80,7, Италияда 70,7 пайыз болған. Халқы көп Қытайдың урбанизация көрсеткіші Қазақстаннан сәл ілгерілеу



(60,3) болды. Кей сарапшылар «ауыл халқы азайды» деп, дабыл қағудың да жөні жоқ деген пікірге тоқталады. Жоғарыда аталған дамыған елдердегі қала халқы орта есеппен 75–85%-дан асып жығылса да, ауыл шаруашылығы өндірісін қолайлы еңбек өнімділігі арқылы дамытып, өзге елдерге де экспорттаудың жолын таба алған. Мәселен, Беларусьте ауыл шаруашылық өнімдерінің маркетингі жетілгендіктен, оны еш қиындықсыз экспорттай алады. Сондықтан ауылдық жерде халық аз болғанымен, жоғары әрі тиімді тауар өндірісін қалыптастыруға болады деген тоқтамға келеміз.

Әлеуметтік салдары

– Ауылдарда халық азайып, қартайып барады. Көптеген мектеп пен аурухана жабылып, әкімшілік қызметтердің сапасы төмендеді. Ал қалаларда керісінше, тұрғын үй тапшылығы, көлік кептелісі, мектептер мен балабақшаларда орын жетіспеушілігі байқалады. Бұл – урбанизация процесінің әлі де реттеуді қажет ететін салдарлары. Ауылдағы демографиялық үрдісте жас және еңбекке қабілетті халықтың кетуінен ауылда қарттар саны көбейіп, демографиялық тепе-теңдік бұзылады.

– Білім беру мен денсаулық сақтаудағы мәселе. Оқушылар саны азайса, мектептердің жабылатыны белгілі нәрсе. Ал медицина қызметкерлері жетіспесе, ауыл емханалары қысқарады.

– Экономика. Еңбек күші азайған соң ауыл шаруашылығында өнімділік төмендеп, кәсіпкерлік баяулайды.

– Мәдени-рухани ахуал. Ауыл мәдениеті жұтанда-нады, дәстүрлі өмір салты үзіледі.

– Қалада жүктеме артады. Жаппай көшу нәтижесінде қалаларда тұрғын үй, жұмыс, балабақша, мектеп, жол, көлік тапшылығы туындайды.

– Әлеуметтік теңсіздік. Қала мен ауыл арасындағы өмір сүру сапасы алшақтайды – бұл ішкі наразылыққа себеп болуы мүмкін.

Мемлекеттік шаралар

– «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы. Бұл бағдарлама аясында 2027 жылға дейін 3500 ауыл жаңғыртылады деп жоспарланған.

– «Дипломмен – ауылға» жобасы жастарды ауылда жұмыс істеуге ынталандырылып отыр.

– Үкіметтің ауылдық аумақтарды дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіткені белгілі. Мақсат – ауылдарды экономикалық тұрғыдан тірек нүктеге айналдыру. Бұл тұжырымдамада ауыл тұрғындарын жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту, жан-жақты мемлекеттік қолдау көрсету, туризмді дамыту, экспортты ынталандыру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету көзделген.

ТҮЙІН: Ауылдан қалаға көшу – тек миграциялық үрдіс емес, ол қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік пен даму диспропорциясының көрсеткіші. Мемлекеттің тұрақты дамуы үшін ауыл өмірін заман талабына сай жаңғырту керек. Халықтың өмір сапасын ауыл мен қала арасындағы айырмашылықты қысқарту арқылы ғана теңестіруге болады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Айбар ОЛЖАЙ,
экономист:

Контрмагниттерді тарту керек

Ауылдардағы халық санының азаюы өндіріске тікелей әсер етеді. Өйткені, ауыл шаруашылығын өркендетемін деп жүрген кәсіпкерлердің бір-ақ мәселесі бар – шалғай ауылдарға жұмыс күшін тарту. Мәселен, малшыларды ұстау өте қиын. Сондықтан ауылдағы халықтың азаюын шаруашылықтағы жұмыс күшінің азаюы деп білеміз. Ал халық тығыз орналасқан қалада экономика қарқынды болғанымен, ауылдан адам көшкен сайын экономикалық өсім баяулайды. Бүгінде экономикалық өсімі жоғары Алматы, Астана, Атырау, Павлодар секілді төрт өңір. Халық тығыз орналасқан аумақтар экономикалық өсімге кенелгенімен, урбанизация шектен тыс шығып кетсе, оның арты коллапс пен хаосқа әкеледі. Меніңше, 1-2 жылдан кейін Алматы осы жағдайды басынан өткеретін секілді. Мұның шешімі ретінде ұсынысым, контрмагниттер арқылы ауылдарға инвестиция тартып, қаладағы адамдарды ауылдарға қайта көшіру керек.



Әдемі АМАНГЕЛДІ,
әлеуметтанушы:

Ауыл мен қала арасындағы алшақтық

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2024 жылы қалаларағы халық саны 266 800 адамға өсіп, елдегі урбанизация деңгейі бұрын болмаған көрсеткішке жетті. Урбанизацияның күшеюі ауыл мен қала арасындағы қатынастың алшақтығынан байқалады. Жастардың білім мен табысты жұмыс іздеп, қалаға жаппай кетуінің салдарынан ауылда тек қарттардың қалуы – әлеуметтік қауіп. Жастар азайған сайын ауыл шаруашылығын дамыту қиындай түседі. Екінші мәселе – мәдени қауіп. Ауыл – ұлттық дәстүр мен мәдениеттің көзі. Ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан мәдени мұра келер ұрпаққа берілмей, дәстүр сабақтастығы үзіліп кете ме деген уайым бар. Ауыл шаруашылығы мен кооперативтерді дамыту, агробизнеске несие беру – жастарды ынталандырады. Сондай-ақ, жұмыспен қамту саясатын мықтап қолға алып, жастар орталықтары мен спорт кешендерін көбейту қажет.

Дана САДЫРҚАН.





МЕДЕУ АУДАНЫ



САПАЛЫ ЖАРЫҚТАНДЫРУ

қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастырады

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды мегаполисті жарықтандыру жұмыстарының қарқынымен танысты.

Шаһар басшысы жұмыс сапары барысында Медеу ауданындағы көп-қабатты тұрғын үйлерде жарық орнату жұмыстарын бағалады. Мұндай жобалар қаланың эстетикалық келбетін жақсартуға көмектеседі, осы мақсатта үйлердің қасбеті де боялған.

Республика сарайы алдындағы скверде 65 торшерлі шам 100 Вт қуатты жылы жарық беретін жарықдиодты шамдарға ауыстырылды. Жаңа LED-шамдар жоғары жарықтығымен, энергияны аз тұтынуымен және ұзақ қызмет ету мерзімімен ерекшеленеді. Абай даңғылы мен Байзақов көшесінің жолайрығында қуаты 500 Вт болатын 40 заманауи LED-шам орнатылды. Олар бұрынғыларға қарағанда жарығырақ әрі үнемдірек: жарықтандыру деңгейі алты еседен астам артты, ал энергия тұтыну 37% -ға төмендеді.

Мегаполис әкімі сапалы жарықтандырудың қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастырудағы, сондай-ақ қаланың эстетикалық келбетін жақсартудағы маңызын атап өтті. Сондай-ақ, жарықтандырудың кешенді жұмыстарын қамтитын жоспарды ұстанудың қажеттілігіне ерекше тоқталды.

FOUR SEASONS ТҮК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

ҚАЖЕТТІ ЖҰМЫСТАР ОРЫНДАЛАДЫ

Қала басшысы Журавлев көшесі, 26 және 28 мекенжайында орналасқан Four Seasons тұрғын үй кешенінің тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында кешенді пайдаланудың негізгі мәселелері талқыланды.

Жалпы алаңы 7 мың шаршы метрден асатын паркингке назар аударылды. Бүгінде оның бір ғана кіру және шығу жолы бар, көлбеу биіктігі 45 градустан жоғары, бұл тұрғындарды алаңдатып отыр. Олардың айтуынша, тіпті жеңіл көліктің кіруі қауіпті, ал төтенше жағдайда адамдарды эвакуациялауға қауіп төндіруі мүмкін. Сондай-ақ, тұрғындар инженерлік желілерді беру мәселесін көтерді. Талқылау қорытындысы бойынша әкім екі апта ішінде трансформаторлық қосалқы станция бойынша құжаттарды ресімдеуді аяқтауды және оны «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ балансына беруді, әрлеу жұмыстары аяқталғаннан кейін жеті күн ішінде екінші блоктың паркингін пайдалануға беруді тапсырды. Сонымен қатар, Дархан Сатыбалды жауапты тұлғаларға коммуналдық қызметтермен бірлесіп

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

МЕРДІГЕР МІНДЕТІН МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАУЫ ТИІС

Шаһар басшысы мектеп құрылысының мерзімін жеделдетуді тапсырды

Дархан Сатыбалды Алматыдағы «№58 жалпы білім беретін мектеп» КММ ғимаратына жапсарлас салынған қосалқы нысанды қайта құру алаңына барды.

Жоба бойынша мұнда мектеп жанынан заманауи оқу және спорт үй-жайы бар 576 орынды қосымша нысан салынуға тиіс. Жұмыс 2024 жылдың шілдесінде басталды, ал келісім-шарт бойынша 2025 жылдың желтоқсанында аяқталуы керек еді. Алайда, құрылыс бекітілген кестеден едәуір артта қалып отыр.

Әкім балалардың оқуға орны жоқ екенін, сондықтан жағдай шұғыл шешуді талап ететінін атап өтті. Мердігерге кемшілікті жою үшін екі апта мерзім берілді. Қала басшысы жұмыс барысын күнделікті бақылау және қаражатты ашық пайдалану қажеттігін атап өтті. «Мерзімі екі апта. Біз жұмыстың қарқынын қадағалаймыз, күн сайын маған жағдай туралы баяндайсыздар. Нысан менің жіті бақылауымда. Егер ешқандай өзгеріс болмаса, біз шартты бұзамыз. Мердігерлер жұмысты қосалқы мердігерлерге ауыстырудың орнына өз



күштеріне сенуі керек», – деді Дархан Сатыбалды.

Білім басқармасына, Құрылыс басқармасына және жауапты қызметтерге нысанды ерекше бақылауға алу және жұмыс барысы туралы апта сайын баяндау тапсырылды. Қайта құру аясында жертөлесі мен спорт залы бар

ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

АКАДЕМИЯ КУРСАНТТАРЫ ант қабылдады

Алматыдағы 28 гвардияшы-панфиловшылар паркінде М.Есболатов атындағы ҚР Ішкі істер академиясының оқуға қабылданған курсанттарының Ант қабылдау рәсімі өтті.

Академия курсанттарының бірінші жауапты іс-шарасына академия басшылығынан бастап, ішкі істер саласының ардагерлері, генералдар, курсанттардың туыстары, шетелдік қонақтар келіпті. 28 гвардияшы-панфиловшылар паркіне келген халық көп болды. Ант қабылдауға келген курсанттардың бойынан алғашқы күннен бастап тәртіп пен жауапкершілік сезіліп тұрды. Елдің тәртіп пен қауіпсіздігіне жауапты болатын жаңа буыннан академия басшылығы, саланың ардагерлері, генералдар Ант қабылдады. Іс-шараға шетелдік қонақтар да келіпті. Жер-жерден келген ата-аналар болса ұл-қыздарының азамат болуының алғашқы қадамдарының куәсі болды. Солардың бірі – Алматы облысы, Ұйғыр ауданының тұрғыны, курсанттың әжесі Шырынкүл БАЙЖҰМАНОВА.

– Бүгін менің немере қызым Ақбота Қуаныш Ант қабылдады. Біздің бір «тақым қысқан» сәтіміз. Осы саланы таңдаған ботама болашақта мемлекеттің мықты маманы болады деп сенім артып отырмыз. Еліміздің тәртібі мен қауіпсіздігіне жауапты болатын мамандар жақсы білім алып, ішкі тәртіптің үлгісін көрсетсе болды. Балапанымды бір Аллаға, оқытушыларына тапсырдым, – дейді әжей.

Нұрлан СҮЙІН.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ



БАСЫМ БАҒДАРЛАР

Алматы қаласының әкімі жұмыс сапары аясында ескі тұрғын үйлердің жаңару барысын тексеріп, реновация бағдарламасы бойынша 1950–1960 жылдары салынған ескі үйлер орналасқан Розыбакиев – Катаев – Радостовец көшелерінің аумағындағы жағдаймен танысты.

Ауданда «Camh Realty» ЖШС компаниясы «Наследие» тұрғын үй кешенінің құрылысын жүргізуде, сондай-ақ «ВЕК-Тұмар» ЖШС және «ПКС» ЖШС компаниялары да ескі үйлерге қатысты жұмыстармен айналысып жатыр.

Тұрғындар 2030 жылға дейін тозығы жеткен және жаңарту бағдарламасына енгізілген үйлері шешімсіз қала ма деген алаңдаушылықтарын жеткізді. Шаһар басшысы тұрғындардың мүдделеріне басымдық беру керектігін атап өтті. «Инвесторлардың адамдарды тозығы жеткен ескі үйлерінде қалдырып, тек бос жатқан немесе ең тартымды жерлерді таңдауына жол бермеу керек. Егер компания аумақты алса, онда онымен бірге ескі тұрғын үйді бұзу және қоныстандыру мәселесін шешуге де міндетті. Біз барлық тараптарды бір үстел басына жинап, нақты шешімдерді талап ететін боламыз. Егер құрылыс салушылар одан жалтарса, оларды бұл жобалардан шеттетеміз», – деді Дархан Сатыбалды.

Кездесу қорытындысы бойынша Сәулет және қала құрылысы басқармасы құрылыс салушылармен қайта жаңарту бағдарламасына енгізілген жер телімдерінің салынып жатқан білім беру мекемесінің шекарасымен түйіспеуін нақтылау жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТУРИЗМ

ЖАҢА ЖОБАЛАР

Алматыда туристік қызметтердің рекордтық өсімі тіркелді

Мегаполисте 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша келген туристерді орналастыру саласында көрсетілген қызметтер көлемі 50,1 млрд. теңге болды. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 16,6%-ға артық.

Қалалық туризм басқармасы хабарлағандай, мұндай өсім туризм саласының тұрақты дамып келе жатқанын және Алматыға ішкі әрі халықаралық туристер тарапынан қызығушылықтың арта түскенін көрсетеді. Мегаполистің нөмірлік қоры өткен жылмен салыстырғанда, 8%-ға артып, 12 552-ге жеткен. Шаһарда 377 орналастыру нысаны жұмыс істейді. Бұл туристер мен іскерлік сапардағы қонақтар үшін де жайлы орналасуға мүмкіндік береді.

«Бүгінде Алматы туристік орталық ретіндегі позициясын нығайтып келеді. Қаладағы орналастыру орындарының бір мезеттегі сыйымдылығы 22 768 төсек-орын, бұл қонақтарды көбірек қабылдауға жол ашады. Ішкі және шетелдік туристер тарапынан қызығушылық артқанын байқап отырмыз. Жаңа жобалар жұмыс орындарын ашып, инфрақұрылымды жақсартып, Алматыда демалысты қолжетімді әрі жайлы етеді», – деп атап өтті қалалық туризм басқармасы.

Биыл жыл басынан бері жеке инвестициялар есебінен 34 жаңа туристік нысан пайдалануға берілді. Олардың ішінде 11 қонақүй, 1 глэмпинг, 1 капсулалық қонақүй, 18 хостел және 3 демалыс базасы бар. Бұл нысандар туристерді жайлы орналастыру мүмкіндіктерін едәуір кеңейтіп, Алматының халықаралық аренадағы тартымдылығын арттырады.

Бұған қоса, қала әкімдігі жанындағы жобалық кеңсе аясында 6794 нөмірге арналған 58 қонақүй құрылысы жобасы мен 35 туристік нысанның жобалау және құрылыс жұмыстарына мониторинг жүргізілуде. Бұл көрсеткіштер саланың қарқынды дамуын әрі ұзақ мерзімді әлеуетін көрсетеді.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ

ДАЙЫНДЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ

жан-жақты қамтылып, кезең-кезеңмен жүргізілді



Алматы қаласының әкімі Адархан Сатыбалды мегаполистің алдағы жылыту маусымына дайындығын жан-жақты саралап, бағдарлаған кеңес өткізді.

Шаһар басшысы алдында қаланың энергетика және коммуналдық кәсіпорындарының жетекшілері есеп берді. Жылыту маусымына дайындық жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп, жылу желілері мен электрмен жабдықтаудан бастап, сумен қамтамасыз ету, газ жүйелері және әлеуметтік нысандардың жайкүйі толық қамтылғаны айтылды.

Жылу желілерінің жағдайына ерекше назар аударылды. «Алматы жылу желілері» ЖШС жөндеу науқандарын және ұзындығы 23 км-ден астам 51 нысандағы қайта жаңғыртуын аяқтады. Гидравликалық сынақтар жүргізілді, барлық опресовкалар орындалды. Нәтижесінде кәсіпорынның дайындығы – 99%.

Сонымен қатар, электр жүйелеріне жаңғырту жұмыстары жасалды. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ жоспарлы жөндеудің толық көлемін

орындады: 1100 км-ден астам электр желілері, ондаған қосалқы станция мен трансформатор дайындалды. Бүгінде қаладағы электр желілерінің дайындығы – 100%.

Ауқымды жұмыс жылу көздерінде де жүргізілді. «АлЭС» АҚ өз станцияларының дайындығын 84%-ға жеткізді. Сонымен қатар, нормадан артық отын қоры жасақталды – көмір бойынша – 119%, мазут бойынша – 136%. Бұл қыстан кідіріссіз шығуға мүмкіндік береді.

«Алматыжылукоммунэнерго» ЖШС 68 қазандықтағы жөндеуді аяқтап, тағы 17 нысанда қайта жаңғырту жүргізуде. Кәсіпорынның жалпы дайындығы 98%-ға жетті, отын қоры толық көлемде жиналды.

Маңызды бағыттардың бірі – сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін дайындау. «Алматы Су» ШЖҚ МКК нысандардың толық дайын екенін айтты: ұзындығы 42 км-ден астам су және кәріз желілері қайта жаңғыртылды.

Газбен жабдықтаудың тұрақтылығы да расталды. «QazaqGaz Aimaq» АҚ Алматы филиалы барлық жоспарлы жөндеу және реконструк-

ция жұмыстарын аяқтады. Газ желілерінің дайындығы – 99%.

Кеңесте мектеп, балабақша, аурухана мен тұрғын үйлерге ерекше назар аударылды. Жылыту маусымына 412 білім беру нысаны, тұрғын үй қоры бойынша 9117 ғимарат толық әзірленді. Денсаулық сақтау нысандарының дайындығы 92%-дан жоғары деңгейде қамтамасыз етілді.

• Шаһар басшысы қол жеткізген нәтижемен шектелмей, дайындықты тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды. Ол барлық жүйелердің тәулік бойы мониторингін жүргізудің, апатты жағдайларға жедел әрекет етудің, денсаулық сақтау нысандары мен тұрғын үйлерге ерекше назар аударудың маңызын атап өтті. Коммуналдық қызметтер мен аудан әкімдіктеріне тығыз байланыста жұмыс істеп, тұрғындарға барынша қолайлы жағдай жасауды міндеттеді.

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ!

ЖҮЛДЕГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Алматыда өткен салтанатты рәсімде шаһар басшысы Дархан Сатыбалды бокстан әлем чемпионатының алтын, күміс және қола жүлдегерлерін жоғары нәтижелерімен құттықтап, жеңімпаздарға Алғыс хат пен қаржылай сертификаттар табыс етті.

«Сіздерді осы жарқын жеңістеріңізбен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Бұл – мен үшін қос қуаныш, өйткені біздің алматылық спортшылар ұлттық құраманың қоржынына 4 медаль салды. Бұдан бөлек, күрес чемпионатында тағы бір медальға қол жетті. Мұның бәрі – сіздермен бірге мақтанатын жоғары нәтиже», – деді қала әкімі.

Сондай-ақ, Загреб (Хорватия) қаласында өткен күрестен әлем чемпионатында қола жүлдеге ие болған Нұрқожа Қайпанов та Алғыс хатпен және қаржылай сертификат-



пен марапатталды. Спортшылардың бапкерлері де Алғыс хат пен қаржылай ынталандыруға ие болды.

Әлем чемпионатының қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте 1-орынды иеленді.

Спортшылар барлығы 10 медаль жеңіп алды: 7 алтын,

1 күміс және 2 қола. Алматыдан ұлттық құрама сапында 4 спортшы бағын сынап, 4 медальға ие болды. Олар – Алуа Балқыбекова – алтын медаль, Назым Қызайбай – күміс медаль, Виктория Графеева – қола медаль, Елдана Тәліпова – қола медаль. Бұл – команданың жалпы жүлдесінің 40 пайызы.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ ПОЛИЦИЯСЫ

маңызды мәлімдеме жасады

Алматы полициясы алматылық «Қайрат» пен мадридтік «Реал» арасындағы УЕФА аясында 30 қыркүйекте өтетін халықаралық футбол ойынына сақадай сай дайын екенін хабарлады. Бұл іс-шара бүкіл қала үшін үлкен спорт мерекесіне айналып, қауіпсіздік пен тәртіпке ерекше назар аударуды талап етеді.

Қалалық Полиция департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін кешенді іс-шаралар қабылданған. Қоғамдық тәртіпті күзетуге 2,5 мыңнан астам қызметкер тартылып отыр. Негізгі міндет – жанкүйерлер мен ойынға қатысушылардың қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ жол қозғалысын реттеу.

«Алматыда «Қайрат – Реал Мадрид» арасындағы халықаралық футбол матчы өтіп, шаһар үлкен оқиғаның ордасына айналды. Бұл бәріміз үшін спорт мерекесі ғана емес, Алматының шынайы келбетін – қонақжайлығын, құрметін және жоғары мәдениетін көрсетуге үлкен мүмкіндік», – деді Алматы қалалық ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Тимур Ноғайбаев.

Құқық қорғау өкілі матч күні қозғалысқа ішінара шектеулер енгізілетінін атап өтті. Билік тұрғындардан маршруттарын алдын ала жоспарлауды, уақытша іс-шараға түсіністікпен қарауды және көшеде, көлікте әрі стадионда тәртіпті қатаң сақтауды сұрайды. «Команданы қолдаңыздар, бірақ мәдениетті түрде. Қаламызды таза ұстайық, бір-бірімізге және қонақтарға құрметпен қарайық. Сол арқылы Алматы мен бүкіл еліміздің имиджіне үлес қосамыз», – деді спикер.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ»:

ЖАСТАРҒА ЖАҢА МҮМКІНДІК:

Еңбек жәрмеңкесінде 2000-нан астам жұмыс орны ұсынылды

Еңбек күні мен «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай Алматы қаласының еңбек мобильділігі орталығы жалпықалалық бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізді.

Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Іс-шара Арбат алаңында мерекелік атмосферада өтіп, ондаған ірі компанияны, мемлекеттік ұйымдарды, кәсіпорындарды және жұмыссыз азаматтарды біріктірді. Жұмыс берушілер мен үміткерлер арасында тікелей сұхбаттасу болып, бос жұмыс орындары туралы өзекті ақпарат алуға мүмкіндік берілді.

Алматы – елдегі ең қарқынды дамып келе жатқан әрі жастар көп шоғырланған қалалардың бірі. Статистикаға сәйкес, мұнда 700 мыңнан астам жас азамат тұрады, олардың шамамен, 400 мыңы – 14 пен 29 жас аралығында. Солардың ішінде 12,5 мыңнан астамы жұмыссыз болса, NEET санатындағы жастардың саны – 40 мыңға жуық. Осыған байланысты үміткерлерге 300-ден астам бос жұмыс орны ұсынылып, түрлі салалар бойынша 2000-нан аса қызмет орны қамтылды. Олардың ішінде өндіріс, өнеркәсіп, құрылыс, көлік пен логистика, сауда және қызмет көрсету, денсаулық сақтау, білім беру, энергетика, ақпараттық технологиялар, мәдениет және қоғамдық тамақтану салалары бар.

– Біз «ЭФКО» ірі өндірістік компаниясына қоғаммен байланыс жөніндегі және

сату жөніндегі менеджерлерді, нарықты талдау бөлімінің маманын, операторларды, химиялық талдау зертханашылары және жүк тиеушілерді жұмысқа шақырамыз, – деп атап өтті персоналды іріктеу жөніндегі менеджер Карина Плотникова.

Қазақстанда бөтелкедегі су мен суындар өндіруге маманданған басқа компанияға орта біліммен «экспедитор» болып жұмысқа тұруға болады. Тек қана «В», «С» санатындағы көлік құралдарын басқару куәлігінің болуы, жүргізуші мамандығы бойынша кемінде бір жылдық еңбек өтілі, жергілікті жерді жақсы білу және қаланы меңгеру қажет. Сонымен қатар, жиын барысында қолдан жасалған бұйымдар жәрмеңкесі де өткізілді. Онда кәдесый қорапшалары, гипстен жасалған бұйымдар, тақия, шамдар және тағы басқа көптеген өнім сатылды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақмарал ЕРЛАНҚЫЗЫ, Алматы технологиялық-қаржы және инновациялық-техникалық колледжіндегі биология пәнінің оқытушысы:

МЫҚТЫ КАДРЛАР АЗ

Біздің колледжге түсетін студенттер саны 350–400-ге жуық. Білім алушыларды аспаз, кондитер, IT секілді 12 мамандық бойынша дайындаймыз. Белсенді студенттерді Түркияға 6 айға тәжірибе алмасуға жібереміз. Бізде жоғары білімді, бәсекеге қабілетті мықты кадрлар аз болғандықтан, жәрмеңкеге қатысып отырмыз.

ЖӘРМЕҢКЕ

«CITY MAKERS: JASTAR QALASY»

Алматыда алғаш рет қауымдастықтар фестивалі өтті

Ашық аспан астында өткен бұл іс-шараға 100-ден астам қауымдастық пен 50-ден астам жұмыс беруші қатысты. Қала тұрғындары мен қонақтары жастардың әртүрлі бастамаларымен, әлеуметтік және экологиялық жобаларымен танысты.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков қатысып, алаңды аралап шықты. Ол жәрмеңкеде

ұсынылған жобалармен танысып, жастардың бастамаларына қолдау білдірді.

Фестивальдің мақсаты – жастардың бастамаларын қолдау, волонтерлік қызметті дамыту, шығармашылықты және салауатты өмір салтын насихаттау. Іс-шара аясында қоғамдық ұйымдар, мәдени орталықтар мен білім және ғылым ұйымдарының өкілдері бір алаңда бас қосып, тәжірибе алмасты.

Атап айтқанда, эко-зона бағыты бойынша табиғатты қорғау және тұрақты даму саласында жұмыс істейтін 13 ұйым өз бастамаларын ұсынды. Бұл бағыттың серіктестерінің бірі – қалада экологиялық жобаларымен танымал EcoNetwork қауымдастығы.



Ал мансап аймағында жастарды жұмыспен қамту мәселесіне ерекше назар аударылды. Бұл бағытқа 21 жұмыс беруші ұйым қатысып, фестиваль аясында қысқа мерзімді курстарды аяқтаған жастарға нақты жұмыс орындарын ұсынды.

«Жастардың дені уақыты ыңғайлы, яғни сабақ кестесіне кедергі келтірмейтін жұмыс орнын іздейді. Сондықтан біз жастар мен жұмыс берушілер арасындағы делдал ретінде, олардың нақты сұранысына сай келетін жұмыс табуға тырысамыз», – дейді қалалық «Мансап» орталығының өкілі.

Ал тәртіп бағыты бойынша 12 ұйым,

білім мен ғылым саласында 25-тен астам ұйым белсенді түрде жұмыс жүргізді.

Жоба ұйымдастырушыларының бірі – Гүлдана Абайқызының айтуынша, фестивальге 94 ұйым қатысты. «Жастарға арналған ауқымды іс-шарада 6 негізгі бағыт қамтылды. Олар: эко-зона, тәртіп аймағы, қамқорлық, шығармашылық, білім мен ғылым, және қысқа мерзімді курстар арқылы жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған мансап аймағы. Биыл фестиваль аясында 94 ұйым қатысып отыр. Оның ішінде жастар ұйымдары ғана емес, қалалық деңгейде белсенді жұмыс істеп жүрген ірі қауымдастықтар да бар», – дейді ол.

10 000-нан АСТАМ КӨРЕРМЕН КЕЛДІ

«City Makers: Jastar qalasy» – қала жастарына арналған маңызды бастама. Қызығушылығы мен қабілетіне сай бағытты табуға көмектесіп, жастармен жұмыс істейтін қауымдастықтар мен ұйымдарды бір алаңға жинауды мақсат еттік. Бүгінгі іс-шараға 100-ден астам қауымдастық, 9 мыңнан астам жас келіп, белсенді түрде атсалысуда. Бұл – үлкен көрсеткіш.

Биыл Алматы қаласына басқа өңірлерден 20 мыңнан астам 1-курс студенті келді. Бұл фестиваль дәстүрлі түрде жалғасын табады. Жылына екі рет – көктем және күз мезгілдерінде тұрақты түрде өткізуді жоспарлап отырмыз. Қараша айында «Алматы студенттік апталығы» өтеді.

Сонымен қатар, биыл Алматы Түркі елдері жастары астанасы атағын алғанын білесіздер. Халықаралық іс-шаралар мен тәжірибе алмасу бағытында фестивальдер, кездесулер, сондай-ақ, Жайдарман секілді жобалар ұйымдастыру жоспарымызда бар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әзиз ҚАЖДЕНБЕК,
Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы:



ХОББИ

«ҚАЙРАТ» ЖӘНЕ ҚАСИЕТ

Футбол десе ішкен асын жерге қоятын нағыз жанкүйер ару кім?

Әдетте футболды жігіттер ғана көретін сияқты ма, қалай?! Ал шын мәнінде теңбіл доп десе ішкен асын жерге қоятын нағыз жанкүйер қыз-келіншектер де аз емес. Сондай жандардың бірі – алматылық Қасиет Балқыбекова. Футбол көру – ең сүйікті хоббиі.

Нұржамал
ӘЛІШ

– Қасиет, футболға деген қызығушылығыңыз қалай басталды?

– Кішкентай кезімде әкеммен теледидардан бірге көруден басталған. Кейін жазғы демалыстарда ауылға барғанда, ағаларым күнде түні бойы әлем чемпионаттарын көріп отыратын. Мен де оларға қосылып футбол көріп, клубтардың атын жаттап, әр елдің және қала атауларын осы футбол арқылы ажырататын болдым.

– Біздің «Қайратқа» қашан және қалай жанкүйер болдыңыз?

– «Қайратты» 2015 жылға дейін тек газет-журналдардан оқып біліп жүрдім. 2015 жылы Еуропа лигасының плей офф кезеңінде французлық «Бордо» командасынан жалпы есепте тең түсіп, тек сырт алаңда соғылған голдың көмегімен келесі кезеңге «Бордо» өткен болатын. Сол ойыннан бастап «Қайратқа» деген қызығушылығым басталды. Ол кезде жасым кішкентай болғандықтан, стадионға барып көруге қорқатынмын. Тек теледидардан көріп, жаңалықтарын үзбей бақылап жүрдім.

Қазақстандық ойыншылар әлемнің қай командасында ойнаса да, сол командаларға жанкүйерлік етемін. Мысалы, Түркияның «Бешиктасында» Бақтияр Зайнутдинов ойнаған, ал ресейлік «Зенит» командасында Нұралы Әліп ойнайды.

– Әлемдік деңгейдегі қай команданың жанкүйерісіз?

– Испанияның «Реал Мадридтің» ойындарын жібермей көремін деп айта алмаймын, жаңалықтарын, ойындары қалай болып жатқанын қарап жүремін. Англияның «Ливерпуль», Германияның «Бавариясының» ойындарын да көремін. Айтпақшы, «Реалдың» бір ойынын көруге дайындалып жүрген кезім. Тұңғышыма аяғым ауыр еді. Ойындар көбінде түнде болады. Ойын басталды, артынша толғағым да басталды. Толғағым басыла қалса, теледидар алдына жүгіріп барып «көк жәшікке» үңіле қоямын. Ойын біткен соң жедел жәрдем шақырып, перзентханаға кеттім. Сол күнді футбол жайлы әңгіме болып қалса, анам есіне алып, «бұл толғауып жүрсе де футбол көреді» деп күліп отырады.

– Стадионға жиі барып тұрасыз ба, әлде үйде көргенді жөн санайсыз ба?

– Стадионға барып жанкүйерлермен бірге ойын тамашалаған өте керемет сезім. Ішіндегі бар эмоцияңды шығарып аласың, тауға барып айқайлап шығарғанмен бірдей. Барлық ойыншының аты-жөнін білемін. Стадионда отырып достарыма комментатор болып, доп кімде екенін айтып отырамын. Футболға достарыммен, олар бос болмаса, қызыммен барып тұрамын. Сырт алаңда болатын ойындарды теледидардан немесе «Кинопоиск» қосымшасы арқылы көремін. Бұл қосымшада «Қайраттың» бүкіл ойынын үзбей көруге арнайы жазылғанмын. Одан бөлек, «Қайраттың» өзінің «Qairat SuperApp» деген жеке қосымшасы бар. Барлық жаңалықты сол жерден қараймын, билетті де сол жерден табуға болады. Менің футбол көретінімді туыстарым, дос-жарандарым біледі. Қонаққа не басқа да жерлерге шақырарда «бүгін матч



бар» десем, маған ыңғайлы уақытқа өзгертіп жатады.

– «Қайрат» ойынынан ең есіңізде қалғаны қайсысы?

– Ол Шотландияның Селтикпен болған ойыны десем, бүкіл жанкүйер мені қолдайды деп ойлаймын. Ол 70 жылдан астам тарихы бар, «Қайрат» командасының тарихындағы алғашқы чемпиондар лигасының топтық кезеңге шыққан шешуші ойындағы Анарбековтің пенальти қайтарғаны бәрінің есінде шығар. Комментатор Әлімжан Асқардың «Еуропа қарашы, бұл қазақтың баласы!» деген ұраны әлі құлағымызда.



– Сүйікті ойыншыңыз кім?

– «Қайрат» футбол академиясының түлегі, талантты, болашағынан зор үміт күттіретін жас футболшы Дастан Сәтпаевты айтар едім. Ол небәрі 16 жасында әлемдік топ клубтардың бірі – лондондық «Челси» клубымен келісімге келген алғашқы қазақстандық ойыншы. Тіл-көзден сақтап, әлемдік жұлдыз ойыншы болуын тілейміз. «Қайрат» академиясынан әлі де танымал ойыншылар шығатынына сенімім мол. Көптеген турнирден жеңіспен оралып жүрген ойыншылар жетерлік. Рамазан Бағдат, Азамат Тұяқбаев, Олжас Байбек, Дәулет Орынбасар, т.б.

– «Қайрат» жанкүйерлері арасындағы бірлік пен қолдауды қалай сипаттар едіңіз?

– Жанкүйерліктен де жоғары – «Қайраттың» фанаттары, олар 51-ші сектордың жігіттері. Әр матчта 90 минут бойы

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәкен СЫБАНБАЙ,
қаламгер:

БІЛІМІ КӨП ЖІГІТТЕН АРТЫҚ

Қасиеттің бойындағы жанкүйерлік «дерт» ерекше. Әкесінен жұққан ғой деп ойлаймын. Белгілі ақын Әмірхан Балқыбек марқұм да спорт жанкүйері еді. Әсіресе, футбол мен боксты жібермей көретін. Көріп қана қоймай, соны қызу талқылайтын. Жас кезінде көрген айтулы тарихи ойындардың кей детальдарын ұмытпай айтып жүретін. 1982 жылғы әлемдік футбол чемпионатындағы Андрей Бальдің (КСРО құрамасының ойыншысы) Бразилия қақпасына голды нешінші минутта неше метр жерден салғанын сайрап айтып беретін.

Бірақ Әмірхан спорт жарыстарын көргенде эмоциясын аса қатты білдіре бермейтін сияқты еді. Ал Қасиет футболды... айғайлап отырып көреді. Ойыншылар қателік жіберсе, апандай қақпаны дәл көздей алмай, айдалаға тепсе, оларға ұрсып отырады, өкініштен жер тоқпақтап, тіпті жазықсыз теледидарды жазым қыла жаздайтыны да бар. Әсіресе, «Қайрат» командасының тілеуін ерекше тілейді. «Қайраттың» Алматыдағы барлық ойынын стадионға барып көреді, бірде-бір ойынды жібермейді. Бұл жағынан мен ұяттымын, стадионға бармағалы қашан. Тек теледидардан көремін.

Кейде екеуіміз футбол матчтарының нәтижелеріне жарыса болжам жасаймыз. Әрине, ақша тікпейміз. Жәй... «кімнің болжамы дәл келер екен» деген мақсаттағы қызығушылық қой. Кейде оның айтқаны тура келеді, кейде менің...

Футболға жанкүйерлік ететін қыздарды талай кездестірдім. Бірақ көбінікі – жәй ермек секілді еді: әдетте белгілі бір футболшыны жақсы көреді, ол басқа командаға ауысса, олардың қызығушылығы да ауысып сала береді деген секілді... Яғни тұрақты емес. Ал Қасиеттің жанкүйерлігі айрықша. Ол ойынды түсініп көреді, командалардың ара салмағын жақсы таразылайды. Оның футбол туралы білімі көп жігіттен артық.

ыстық-суыққа қарамай, орындарынан тік тұрып ойыншыларға рух, жігер беріп ұрандатып тұрады. Трибунада шоу жасауға, үлкен перфоменс жасауға тырысады. «Қайраттың» фан-клубтары да жақсы дамыған. Оларға алғысымыз шексіз. Жанкүйер, фанат бұл 12-ші ойыншы деп айтар едім. Соңғы жаңалықтардан соң «Қайрат-

жас қыз-келіншектер, тіпті үлкен апаларды да кездестіруге болады.

– Сіздің жанкүйерлік өміріңіздегі ең қызық оқиға қандай?

– Стадионда болған жағдай. Кезекті матч өткен. «Қайрат» пен «Ақтөбе» командаларының ойыны біткен кез. Өзім екіншіме аяғым ауыр болатын. Қасымда құрбыларым және тазквондошы бөле әпкем Әйгерім бар. Ойыннан соң қайтып келе жатырмыз. Стадион алдында «Ақтөбе» командасының бір топ жанкүйері «Қайраттың» жалаушасын жерге тастап, өртегілі жатыр екен. Соны көрдім де, жүгіріп барып орталарына кірдім де «не істеп жатсыңдар, «Қайрат» та қазақстандық команда ғой, бұларың дұрыс емес» деп ызадан айқайлап, балалардың біреуін ұрдым. Әйгерім әпкем де біреуін теуіп, көзілдірігін сындырды, құрбым біреуін итеріп жіберді. Қыздардан мұндай оқыс қарсылықты күтпеген болу керек, бәрі тосылып тұрып қалды. Сонымен ол жерден шығып кеттік. Сол кезде елімнің туы жерде жатқандай кеудемді өксік қысты. Бір жағы сүйікті команدامды жерден көтергендей іште мақтаншы сезімі де бар. Бірақ неге екенін білмеймін, жылап қалдым. Әпкеме «неге қатты тептің?» десем, «саған емес, ішіндегі балаға зияны тиіп кете ме деп қорықтым» дегенде, екеуіміз құшақтасып жыладық. Сол күнгі матч ұмытылмастай болған еді.

– Футболмен байланысты қандай естелік-сыйлық бар үйіңізде?

– Мені футболмен байланыстыратын сүйікті түсім – сары мен қара. Өзіме қажетті заттарымның көбі сол түсте. Менде жейде, шарф, телефонымның қабы, бәрі осы түстен тұрады. Ал хоббиім – тәсіп коллекциясын жинаймын, көбіне сары-қара түстілерін алуға тырысамын.

Алда Қазақстан чемпионы атануға соңғы 3 ойын қалды. 3 ойын 3 финалмен тең. Былтырғы чемпиондық атақты қорғап, қазіргі жетістіктерін келесі жылы да қайталай алатынына сенемін және үміттемін. Чемпиондар лигасындағы ойындарынан бір сенсация жасауға ойыншылардың мүмкіндігі бар. Қандай жағдай болмасын, ойыннан жеңілсек те, өмірден жеңілмесін. Жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. «Қайрат» жанкүйері ретінде мен соңына дейін қолдауға дайынмын. Алға «Қайрат»! Менің жүрегімнің командасы!

ОЙТҮРТКІ

Қайырымдылық қорлары:

Соңғы уақытта Қазақстанда қайырымдылық қорлары мен әлеуметтік желідегі белсенділерге деген көзқарас күрт өзгерді. Бір кездері «жақсылық жаршысы» деп танылған блогерлер мен қайырымдылық ұйымдары қазір жиі сынға ұшырауда. Себеп – ашықтықтың жалғандығы мен қаржылық даулар.

Пайда табудың жаңа тәсілі ме?

Қазіргі кезде әлеуметтік желілерде Самат Бекебаев есімді блогер жиі талқылануда. Ол TikTok пен Instagram арқылы мұқтаж отбасылардың ауыр жағдайын көрсетіп, елдің жанын тебіртетін бейнероликтер жариялайтын. Халық та қарап қалмады – шоттарға ақша аударып, қолынан келгенше көмектесті. Алайда, көп ұзамай оның атына айыптаулар тағылуда: кейбір мәліметтерге сенсек, жиналған қаражаттың 50%-ы мақсатына жетпей, блогердің қалтасында қалған-мыс. Бұған қоса, «сбор ашу үшін блогерге алдын ала қомақты қаржы төледік» дегендер де табылды.

Бұл мәселе тек Бекебаевқа қатысты емес. Бұған дейін де «Елге көмек» қоры Робин Гуд атымен танымал болған қайырымдылық белсенділеріне қатысты тергеулер жүргізіліп жатқаны белгілі. Әлеуметтік желілерде олардың да жиналған қаражатты мақсатсыз жұмсағаны туралы ақпарат тарады. Іс әлі күнге дейін сотта қаралып, ашылмаған сырлардың барлығы ашылуда. Қазір осындай істердің нәтижесінде халық арасында «қайырымдылық қорларының артында кім тұр?» деген



күмән күшейді. Біреулер мұны – көмек көрсету арқылы пайда табудың жаңа тәсілі десе, енді біреулер қанша ашықтық болса да адамдарды алдау оңайға соққандай деп алға тартуда.

Шынайылық пен ашықтық – басты қағидаттар

Көптеген қорлар қаржы қозғалысын сайттарында немесе әлеуметтік желілерде

жарияламайды. Жарияланатын есептер де кейде толық емес, тек жарнамалық сипатта болады. Қоғамдық аудит жоқтың қасы, тәуелсіз тексерулер жүргізілмейді. Қазір әлеуметтік желілердің ықпалы артқан заманда блогерсымақтар халықтың сеніміне тез ие болып жатыр. Олар мұқтаж отбасылар туралы видео түсіріп, тіпті тікелей эфирде ақша жинайды. Бірақ заңнамада олардың қайырымдылық қаржысын жинауға қатысты нақты талаптар жоқ. Бұл – үлкен олқылық. Өйткені, кез келген қаржы айналымы заңмен реттелуі тиіс. Ал мұнда ақша айналымына бақылау жоқ.

Қайырымдылық – қасиетті іс. Ол ең алдымен сенімге негізделуі тиіс. Егер халық қорларға сенбесе, мұқтаж адамдар да көмексіз қалады. Сондықтан шынайылық, ашықтық пен әділдік – қайырымдылық саласының басты принциптеріне айналуы керек.

● Бүгінгі ахуал – дабыл қағарлық деңгейде. Қайырымдылық қорлары мен блогерлерге қатысты айыптаулар көбейген сайын, халықтың сенімі азайып барады. Қайырымдылық шынайы болғанда ғана ол өз миссиясын орындай алады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әнел ЖАНБАТЫРОВА,
журналист, копирайтер маманы:

Жүйелі ережелер мен бірыңғай стандарттар қажет

Соңғы уақытта қайырымдылық қорлары мен әлеуметтік желідегі белсенділерге қатысты дау-дамай жиілеп кетті. Бұл қоғамда үлкен сенім дағдарысын тудырып отыр. Себебі, адамдар мұқтаж жандарға көмектескенде ақшаның әр тиыны диттеген жеріне жетеді деп сенеді. Ал ақша мақсатсыз жұмсалды немесе жеке пайдаға қолданылды деген күдік туғанда, бұл сенімді қайта қалпына келтіру оңай емес.

Мәселен, көптеген блогерлер тікелей эфирде ақша жинап, кейін тек эмоциялық видеолар арқылы есеп береді. Бірақ нақты қаржылық есеп-қисапты жариялау сирек кезде-

седі. Журналист ретінде менің байқағаным – бізде қайырымдылық саласы кәсібилікті қажет етеді. Әрбір қор немесе блогер өз әрекетін ашық көрсетіп, тексерістен қорықпай, керісінше, оны сенімділікті арттырудың құралы ретінде қабылдауы тиіс.

Ақпараттық кеңістікте ашықтық – басты талап. Егер қорлар өз есептерін толық әрі түсінікті етіп жариялап отырса, қоғам тарапынан сын да, күдік те азаяр еді. Қайырымдылық – бұл тек эмоцияға емес, сенім мен жауапкершілікке негізделетін іс. Сондықтан бізге осы салада жүйелі ережелер мен бірыңғай стандарттар қажет. Сонда ғана халықтың сенімі қайта оралады деп ойлаймын.



Мұрат ТОЛҚЫНБАЙ,
қаржыгер:

Ортақ цифрлық бақылау жүйесін енгізген жөн

Қаржылық тұрғыдан алсақ, қайырымдылық саласы әлі толық реттелмеген аймақ болып отыр. Қазір ақша жинаудың түрлі платформалары бар, блогерлер мен қорлар да белсенді. Бірақ қаржының қалай жиналып, қалай жұмсалатыны туралы бірыңғай электронды база немесе тәуелсіз аудит жүйесі жоқ. Бұл – негізгі мәселе. Дамыған елдерде қайырымдылық қорлары арнайы заңмен қатаң реттеледі. Мысалы, әрбір аударым мен шығын ашық платформада көрсетіледі. Қоғам мұ-

шелері кез келген сәтте қордың есеп-қисабын көре алады. Бізде мұндай жүйе жоқ болғандықтан, даулар да, күдіктер де көбейіп барады.

Менің ойымша, Қазақстанда да бірыңғай цифрлық бақылау жүйесін енгізу керек. Әрбір қайырымдылық қоры немесе блогер қаржы қозғалысын ашық түрде жариялап отырса, әрі жыл сайын тәуелсіз аудиттен өтсе, халықтың сенімі әлдеқайда жоғары болар еді. Қайырымдылық – бұл үлкен жауапкершілік. Сондықтан оған кәсіби тәсіл мен қаржылық тәртіп қажет.



ЗЕРДЕ

«ҰРПАҚТАР ЖАДЫ» ЖОБАСЫ:

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай
Алматыға ресейлік мектеп оқушылары келді

Ресейдің Тверь облысына қарасты Ржев қаласынан келген оқушылар делегациясы шаһарда өткен 80 жылдық Жеңіс мерейтойына арналған іс-шараларға қатысты.

Сапар «Ұрпақтар жады» жобасы аясында ұйымдастырылды. Ресейлік мектеп оқушылары Алматыдағы бірқатар білім беру мекемелеріне барып, қала тарихымен және мәдениетімен танысты. Іс-шараның маңызды сәттерінің бірі – 28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағындағы Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, 80 түп ағаш отырғызу болды. Бұл қадам соғыста қаза тапқан жауынгерлердің рухына құрмет көрсетуді және олардың ерлігін мәңгі есте сақтауды көздейді.

Делегация сапарының мақсаты – Қазақстан мен Ресей жастары арасындағы



достықты нығайту, тарих сабақтарын ұрпақ жадында сақтау және елдер арасындағы мәдени байланысты арттыру. Айта кету керек, Ржев қаласында 2010 жылы қазақстандық жауынгерлерге арналған мемориал ашылған. 2023 жылы бұл жерге Қазақстан

Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев барып, батырларға тағзым еткен еді.

Алматыдағы бұл кездесу – ортақ тарихты ұлықтап, болашақ ұрпаққа бейбітшілік пен достықтың маңызын жеткізудің айқын көрінісіне айналды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Полина МАЛОЛЕТИНКОВА,
Ржев қаласынан келген
10-сынып оқушысы:

Алматыға «Ұрпақтар жады» жобасы сынды жауапты сапармен келдік. Ржев, бұл – ерлік қаласы, ал біздің мектебімізге 1941 жылы Алматы мен Ақтөбеде құрылған 100-ші және 101-ші атқыштар дивизияларының аты берілген. Тек ол ғана емес, Ржев ауданындағы Трубино ауылында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының бауырлас ағасы жерленген. Біз осы тарихи байланысты мақтан тұтамыз. 2010 жылы біздің өңірде қазақстандық жауынгерлерге арналған мемориал ашылып, біз онда патриоттық шаралар, митингтер өткізіміз, мереке күндері Құрметті қарауылда тұрамыз. Алматыда да біз Жеңіс саябағында ағаш отырғызу акциясына қатысып, қазақстандық оқушылармен және екі елдің өкілдерімен бірге достық байланысты нығайтуға атсалыстық.

Бетті әзірлеген
Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ



ОЙТАЛҚЫ

Қосалқы репродуктивті технология:

СУРРОГАТ АНА ҚЫЗМЕТІ

Медицинаның ғылыми жетістігі ме, әлде адам ағзасын коммерцияға айналдыру ма?

Бедеулік – заманауи дерт пе?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бедеулікті әлемдегі күрделі мәселелердің бірі деп санайды. Әлем бойынша әр алтыншы отбасы бала сүйе алмайды.

- Қазақстанда статистика бойынша жыл сайын 150 мыңға жуық неке тіркелсе, соның шамамен 20-21 мыңы бала сүйе алмай жүр. Бұл барлық некелердің 15 пайызына жуық.
- Бедеулікке тап болған жұптардың 40 пайызы қосалқы репродуктивті технологияларға жүгінеді. ЭКҰ арқылы бала сүйе жылына 6,5 мыңдай жұп талпынып көреді. Бірақ кей жағдайда жүктілікке қарсы медициналық көрсетілімдер болуы мүмкін. Мұндайда жалғыз шешім – суррогат ана көмегі.

Суррогат аналық төңірегінде қоғамның пікірі қашан да екіге жарылады. Бірі оны медицинаның жетістігі деп қабылдап, бала сүйе мүмкіндігі жоқ отбасыларға үміт сыйлайтын әдіс деп санайды. Ал екінші тарап мұны моральдық тұрғыдан қабылдай алмайды.

Діни көзқарастағы адамдар оны «жатырды жалға беру», «адам денесін коммерцияға айналдыру» деп сынайды. Қазақ қоғамы үшін ана мен бала мәселесі қашанда қасиетті болғандықтан, мұндай тәжірибенің заңды болуы кейбіреулер үшін әлі де түсініксіз көрінеді. Әлеуметтік желілерде де пікірталас жиі өршиді. Бірі «дүниеге бала әкелудің өзі сауап» десе, екіншілері «құрсақ аналық – табиғат заңына қарсы» деп есептейді.

Даулы оқиғалар мен қоғамдағы резонанс

Соңғы жылдары Қазақстанда суррогат ана мәселесіне байланысты бірнеше резонанстық жағдай тіркелді. Мәселен, әлеуметтік желілерде «8 миллион теңгеге бала



туып бердім» деген атаумен тараған оқиғада қазақстандық әйел Қытай азаматына суррогат ана болуға келісіп, кейін қиын жағдайға тап болғанын айтқан.

Оның сөзінше, жақындары бұл туралы білмеген, өйткені ол ажырасқаннан кейін кредиттерін жауып, балаларын жалғыз асырау үшін осындай қадамға барған. Әйелдің айтуынша, бастапқыда келісім-шарт бойынша 7 миллион теңге төленген. Қытайға тек ұрықтандыру кезеңіне ғана баруы тиіс екен, қалған барлық процестер Қазақстанда өтеді деп сендірген. Алайда, нақты заңды келісім жасалмағандықтан, дүниеге келген бала ресми құжаттарда суррогат ананың атына тіркеліп кеткен. Енді бұл мәселені шешу үшін әйел заңгерлерден көмек сұрап жүргенін мәлімдеген болатын. Нәтижесінде бір жылдан астам уақыт бойы бұл мәселе шешілмей, тараптар арасында дау туындаған. Осы секілді оқиғалардың біз білмейтіні қаншама екені де белгісіз.

Қазақстанда суррогат аналық қызметінің құны қазір 9,8 миллионнан 15,5 миллион теңгеге дейін жетеді. Бұл соманың ішіне медициналық тексерулер, босану шығындары және күтім кіреді. Әлеуметтік жағдайы төмен әйелдер үшін бұл үлкен табыс көзіне айналып барады. Кейбіреулер қаржылай қиындықтан шығу үшін келісім берсе, енді біреулер мұны бизнес көзі ретінде қарастырады. Алайда, сарапшылар әйелдің құқығы мен денсаулығы бірінші орында болуы тиіс екенін ескертеді. Жүктілік пен босану – ағзаға үлкен салмақ түсіреді. Сондықтан заңда медициналық бақылауды күшейту, төтенше жағдайдағы жауапкершілікті нақтылау өте маңызды. Суррогат ана болу – тек медициналық емес, психологиялық тұрғыдан да ауыр процесс. Тоғыз ай бойы құрсағында көтерген баласын басқа адамға беру – кез келген әйел үшін оңай шешім емес.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақбөпе САБЫРХАНҚЫЗЫ, Халықаралық клиникалық репродуктологиялық орталық дәрігері, акушер-гинеколог:

Заңмен қатаң реттелген үрдіс



Суррогат ана – медициналық тұрғыда дені сау әйел, ол келісім бойынша басқа отбасы үшін жүктілікті көтеріп, баланы дүниеге әкеледі. Бұл әдіс – табиғи жолмен бала сүйе алмайтын жұптарға берілетін Қосалқы репродуктивті технологияның (ҚРТ) бір мүмкіндігі. Мысалы, жатырдың туа біткен ақаулары, немесе оның мүлде болмауы, ауыр соматикалық аурулары бойынша бала көтеруге қарсы көрсетілімдері бар және де тағы басқа жағдайлар. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, суррогат ана қызметіне жүгінетін жұбайлар міндетті түрде ресми тіркелген некеде болуы шарт. Бұл – баланың құқықтық мәртебесін қорғауға бағытталған. Психологиялық дайындық: суррогат ана болу тек

медициналық емес, үлкен психологиялық жауапкершілікті де қажет етеді. Сондықтан әйелдің бұл үдеріске дайын болуы маңызды. Үміткердің эмоционалды тұрақтылығы да бағаланады. Қысқаша айтқанда, суррогат ана болу үшін жас шамасы, денсаулық жағдайы және бұрынғы босану тәжірибесі негізгі рөл атқарады. Кейбір елдерде, суррогат ана болуға заң жүзінде тыйым салынған. Ал Қазақстанда бұл бағдарлама заңмен рұқсат етілген және нақты құқықтық-нормативтік құжаттарға енгізілген.

Қазақстан – Қосалқы репродуктивті технологияларды заңдастырған ТМД елдерінің алғашқыларының бірі. Бұл ең алдымен: демографиялық саясатқа байланысты, яғни бала сүйе мүмкіндігін кеңейту; медициналық тұрғыда бала көтере алмайтын отбасыларға көмек беру; адам құқығын қорғау принципін ұстану – әрбір отбасының ата-ана болуға құқығы бар. Заңнамада суррогат ана болуға, оның талаптарына, жұбайлардың міндеттеріне және баланың құқықтық мәртебесіне байланысты нақты ережелер бекітілген. Бұл жүйе бақылауда болғандықтан, «еркін» деп айтуға болмайды, керісінше қатаң құқықтық шеңберде жүзеге асады. Кейде қоғамда немесе әлеуметтік желілерде суррогат ана бағдарламасына байланысты түрлі әңгімелер айтылады. «Әйелдер кейін ойын өзгертіп, баланы бергісі келмей қалады екен» деген пікірлер де кездеседі. Дегенмен, өз тәжірибемде мұндай жағдайлар болған жоқ, сондай-ақ медицина саласында бұл өте сирек кездесетін жайт.

Негізінен, Қазақстанда суррогат ана болу – заңмен қатаң реттелген процесс. Жүктілікті бастамас бұрын барлық құқықтар мен міндеттер келісім-шартта нақты жазылады. Сондықтан қандай да бір түсінбеушілік туындаған жағдайда, ол заңдық тұрғыдан шешіледі.

Дулат ЕРБОЛҰЛЫ, заңгер:

Құқықтар мен міндеттер нақты көрсетіледі

Қазақстанда суррогат аналық «Неке және отбасы туралы» кодекспен реттеледі. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, суррогат ана мен тапсырыс беруші тараптар арасында міндетті түрде нотариалды расталған келісім-шарт жасалуы керек. Бұл келісім-шартта тараптардың құқықтары мен міндеттері, қаржылық шарттар, медициналық тәуекелдер, баланың тууы мен оны заңды түрде рәсімдеу тәртібі нақты көрсетілуі тиіс.

Даулы жағдайлардың көбі келісім-шарт талаптары толық орындалмаған немесе құжаттар дұрыс рәсімделмеген кезде туындайды. Егер суррогат ана баланы беруден бас тартса, бұл мәселе сот арқылы шешіледі. Сот көбіне келісім-шарттағы талаптарды негізге алады. Ал келісім-шарт мүлде болмаған жағдайда немесе шарттар заңға сай емес болса, бұл құқықтық процесті қиындатады.

Шетелдік тапсырыс берушілерге қатысты да мәселе бар. Бала Қазақстан аумағында туылған жағдайда, оның туу туралы куәлігінде көбіне суррогат ананың аты жазылады. Мұндайда балаға қатысты құқықтарды шетелдіктердің өз атына тіркеуі үшін қосымша сот немесе көші-қон органдары арқылы рәсімдеу қажет болады. Бұл жерде заңнамада халықаралық тәжірибеге сай нақты тетіктердің болмауы қиындық тудырады.

ЦИФРЛАНДЫРУ

ЖАҢАҢДЫҚ ИДЕЯЛАР

«Жаһандық көкжиектер: транс-формация дәуіріндегі сәулет және құрылыс салаларындағы халықаралық білім беру әріптестігі» тақырыбындағы ауқымды шараға 39 елден жетекші университеттер, ғылыми орталықтар, мемлекеттік институттар және бизнес өкілдері қатысты. Форум барысында жаһандық білім беру мен технологиялық серіктестікті дамыту бағыттары белгіленіп, маңызды құжаттарға қол қойылды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым академиясы мен Халықаралық білім беру корпорациясы (KazGASA) ұйымдастырған BRAUIC–2025 халықаралық форумы қала тарихындағы ең ірі әрі беделді шаралардың бірі болды.

Бұл басқосуда «Бір белдеу – бір жол» бастамасына қатысушы елдердің жетекші оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтары, мемлекеттік институттар мен бизнес өкілдері 39 елден келді. Форум күн тәртібі цифрлық сәулет, жасыл технологиялар, Smart City және инженерлік инфрақұрылымның жаңа үлгілеріне арналды.

Форумның басты оқиғасы – Халықаралық білім беру корпорациясы (KazGASA), Beijing University of Civil Engineering and Architecture (BUCEA) және ҚР Ұлттық Ғылым академиясы арасындағы ұшжақты меморандумға қол қойылуы болды. Бұл құжат сәулет-құрылыс саласында бірлескен білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобаларды жүзеге асыруға серпін береді.

Алматыда BRAUIC–2025 халықаралық форумы өтті



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айғазы ҚҰСАЙЫНОВ,
Халықаралық білім беру корпорациясы
Бақылау кеңесінің төрағасы:
НАҚТЫ ЖОБАЛАР БАСТАУЫ

Біздің басты мақсатымыз – университеттер, бизнес және мемлекет күш-жігерін біріктіріп, дамудың жаңа бағдарларын айқындау. Алматыдағы форум идеялар алмасын алаң ғана емес, нақты жобалар мен альянстардың бастау нүктесіне айналды.

Саясат НҰРБЕК,
ҚР Ғылым және жоғары білім министрі:
ЕРТЕҢГІ КҮННІҢ ІРГЕТАСЫ

Қазақстан ғылым, білім және инновациялар саласындағы халықаралық диалогтың орталығына айналып келеді. BRAUIC-тің төрт трегі – цифрлық сәулет, жасыл технологиялар мен тұрақты құрылыс, Smart City және білім берудің жаңа моделі – ертеңгі күннің іргетасы. Бұл форум жаңа идеялар мен батыл жобалардың, мықты әріптестіктердің жігерлендіруші бастамасы болсын.

Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті:
АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ ЖАЙЛЫ
ӨҢІРГЕ АЙНАЛАДЫ

Мақсатымыз қарапайым да, биік. Алматы агломерациясын үздік технология тұрғындарға қызмет ететін тұрақты, ақылды әрі жайлы өңірге айналдыру. Біз болашақтың іргесін қалаумен қатар, өткенді де сақтап, ұрпақтар сабақтастығын ғылыми негізделген шешімдер арқылы қамтамасыз етуіміз керек.

Бейбіт ШАХАНОВ,
Алматы қаласы әкімінің орынбасары:
ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗДІҢ МОЙЫНДАЛУЫНЫҢ
АЙҚЫН ДӘЛЕЛІ

Алматыда сәулет пен құрылыс саласындағы тұрақты даму, цифрландыру және инновациялардың жаһандық күн тәртібін қалыптастыратын мамандар бас қосты. Қаламыздың жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Халықаралық білім беру корпорациясының (KazGASA) биыл форумның төрағасы атануы – қазақстандық сәулет-құрылыс мектебінің жетістіктерін мойындаудың айқын дәлелі.

1 ҚАЗАН – ҚАРТТАР КҮНІ

«ДУМАН» ОРТАЛЫҒЫ:

Ұрпақ сабақтастығының жарқын үлгісі

Қазақ «Қарты бар ел – қазыналы ел» деп берекелі айтпаған. Ардагерлердің өмірлік тәжірибесі мен даналығы кейінгі ұрпаққа әрқашан үлгі. Бүгінде оларды қолдау мақсатында ашылған орталықтар қарияларымыздың қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік беріп отыр. Соның бір айғағы – Медеу ауданындағы «Думан» белсенді ұзақ өмір сүру орталығы.

Ашылғанына бес жыл толған орталық бүгінде 180-ге жуық зейнеткердің тұрақты мекеніне айналды. Мұнда қариялар спорттық жаттығулар жасап, білім жетілдіру курстарына қатысады, қолөнермен айналысады. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, бильярд сияқты ойындар олардың күнделікті дағдысына айналған. Қарттардан құралған «Думан сазы» ансамблінің мүшелері қаладағы өткізіліп жататын өнер сайыстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болуда.

Тіпті, Қазақстан–Қытай бірлескен «Жібек жолы» өнер фестивалінде де топ жарып, еліміздің абыройын асырды. Талантты ардагерлер Марат Әмірбаев, Сәуле Сатыпалды, Ғазиза Қалдыгүл, Күлсімхан Қожабекова, Майра Әлімбаева, Роза Кебекбаева еңбектерімен көзге түссе, домбырашылардан оркестр құруға жұмыстар жүргізіп еңбек



етіп жүрген Шакербану Айтжанова бастаған топ Сапарай Жүнісова, Ырысбикеш Серікқұлова, Есенбек Өктембаев, т.б. қатысушылардың осы өнерге деген қызығушылығы басым.

Биыл «Алтын жас» бағдарламасы аясында орталықтағы зейнеткерлер өз мамандығы бойынша жұмыс істеп, табыс табуға жол ашты. Мұндай игі бастаманың игілігін Шопан Алиев, Ермек Бейсенбаев, Есенбек Өктембаев сынды қарттар көріп отыр.

Қарттарға қамқорлық – елдің мәртебесі. Медеу ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы А.Тілеубаев «Әрбір қарт – ел бірлігін қорғайтын алтын қазынамыз» деп атап өтіп, ардагерлердің еңбегін жоғары бағалады. Әр салада белсенділік

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әулет қадірі – ел мерейі

«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» – ата-бабамыздан қалған асыл сөз. Ұрпағына осы өсиетті дарытып, қариясын қадірлеп, ардагерін ардақтаған елдің ұстанымы қашан да берік. Біз де қартын сыйлап, батасын алып өскен ұрпақпыз. Сондықтан өмір тәжірибесі мол аға буынның тағылымды жолы – кейінгіге үлгі, жастарға бағыт-бағдар.

Медеу ауданы әкімдігі жыл сайын «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығымен бірге ардагерлерге арнап мерекелік іс-шаралар ұйымдастырады. Бұл игі дәстүр ақсақалдар мен апаларға қуаныш сыйлап, олардың қоғамдағы орнын айшықтай түседі. Саналы ғұмырын елдің игілігіне арнаған ардақты қарияларымыздың арасында өнегелі отбасы – Әмірбаевтар әулеті де бар.

Марат ата мен Сәуле тәтенің өмір жолы – адалдық пен кісіліктің, табандылық пен парасаттың үлгісі. Олар Райымбек ауданының Қақпақ ауылына қарасты Көкбел елдімекенінде шаңырақ көтеріп, ауыл-аймаққа сыйлы әулет атанды. Бүгінде Медеу ауданындағы «Думан» белсенді ұзақ өмір сүру орталығының бетке ұстар мүшелері ретінде танылған қадірменді ардагерлер.

Марат ата еңбек жолын ауыл шаруашылығынан бастап, инженерлік жүйелер саласында да тер төкті. Аудандық және облыстық деңгейде еңбегі бағаланып, түрлі марапаттарға ие болды. Ал Сәуле тәте – елге еңбегі сіңген дәрігер. Көп жылғы ерен еңбегі үшін «Алтын кітапқа» енгізіліп, мемлекет тарапынан «Үздік дәрігер» атағына ие болған. Ерлі-зайыпты қос ардагердің еңбегі еленіп, екеуі де «Райымбек ауданының Құрметті азаматы» атағымен марапатталған.

Әмірбаевтар отбасы – берекелі әулет. Балаларын оқытып, тәрбиелеп, бүгінде немере-шөбере сүйіп отырған бақытты жан-дар. Туған-туысқа сыйлы, айналасына өнеге бола білген қазыналы қариялар әрдайым қоғамдық шаралардың бел ортасында жүреді.

Қазіргі таңда олар «Думан сазы» ансамблінің белді мүшелері ретінде өнер көрсетіп, мәдени өмірдің көрігін қыздыруға атсалысып жүр. Сонымен қатар, орталықтағы түрлі бастамаларға ақыл-кеңесін қосып, жастарға бағыт беруден жалықпайды.

Еңбексүйгіштігі мен табандылығы үшін Марат ата мен Сәуле тәте «Медеу ауданының Құрметті ардагері» төсбелгісіне ие болған. Олардың өмірлік жолы – еңбек пен адалдыққа, отбасы берекесіне және ұрпақ тәрбиесіне құрылған шынайы шежіре.

«Қарттар – еліміздің қабынасы» дегендей, елінің өркендеуіне үлес қосып, бүгінде абыройымен сыйлы болып отырған мұндай ардагерлер – нағыз мақтанышымыз.

Г.СҮЛЕЕВА,
«Думан» белсенді ұзақ өмір сүру орталығы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы мынадай коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың Байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу жөніндегі конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды. Конкурс өткізілетін орын: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4.

№ р/с	Медициналық ұйымдар атауы	Заңды мекенжайы/ Орналасқан жері
1	Алматы қ. ҚДСБ «№10 қалалық емхана» ШЖҚ КМК	050063, Әуезов ауданы, «Ақсай-4» шағынауданы, 17-корпус
2	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «Қалалық перинаталдық орталық»	050062, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Жұбанов көшесі, 11-үй
3	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№2 балалар қалалық клиникалық ауруханасы» КМК	050062, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Алтынсарин даңғылы, 54-үй
4	Алматы қ. ҚДСБ ШЖҚ «№ 7 қалалық клиникалық аурухана» КМК	050006, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Қалқаман» шағынауданы, 20-үй
5	Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	050060 Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Басенов к-сі, 2.
6	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Медицина жедел жәрдем қызметі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 115
7	Балалар қалалық клиникалық ауруханасының балалар қалалық клиникалық ауруханасының фтизиопульмонология бойынша балаларды оңалту орталығы	050051,Алматы қаласы, Медеу ауданы, Луганский к-сі, 60.
8	ШЖҚ «Қалалық адам ұрпағын өрбіту орталығы» КМК	050000 Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Жібек жолы көшесі, 124

Ұйымдардың негізгі қызметі – медициналық қызмет.
Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуінің болуын қамтиды:
1) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) басшы лауазымдағы құқық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік етуін қамтиды.
Байқаушы кеңестің мүшесі ретінде:
1) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
2) осы заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;
3) бұған дейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
4) байқаушы кеңестің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық сипаттағы қатынастағы тұлға сайланбайды.
Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі конкурс өткізу бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін аяқталады.
Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:
1) конкурсқа қатысу туралы еркін нысандағы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
6) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35 бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылықтың және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.
Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныстар) ұсына алады.
Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша анықталады: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4, ұя.тел.: 8 701 493 01 77.
Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2025 жылғы 30 қыркүйек.
Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2025 жылғы 30 қазанға дейін.
Конверттерді ашу күні мен уақыты – 2025 жылғы 30 қазанға дейін.

СПОРТ

ЖАҢА ҒАСЫРДЫҢ ҚАЖЫМҰҚАНЫ

Әлем чемпионы Алматыда әскери борышын өтеп жүр



Гір көтеру спортынан үш дүркін әлем чемпионы Еркебұлан Келдібаев Ұлттық ұланның қатарында әскери борышын өтеп жүр. Нақтырақ айтсақ, Алматыда орналасқан Кеңес Одағының Батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының есімі берілген 5571 әскери бөлімінде қызмет атқаруда.

Түркістан өңірінің тумасы, қатардағы жауынгер Еркебұлан Келдібаев – бір көтеру спортынан үш мәрте әлем және Азия чемпионы, он дүркін Қазақстан чемпионы, спорт шебері. Бала кезінен даңқты балуан Қажымұқан Мұңайтпасұлының ерлігіне тәнті болып өскен ол спорт алаңында өз бетінше шынығып, енді табандылығы мен күш-қайратын әскер қатарында шыңдап жүр. Әскери бөлімге келген сәттен бастап оны қарулас жолдастары ыстық ықыласпен қарсы алып, қайсар рухы, еңбекқорлығы мен қарапайымдылығы үшін Қажымұқан деп атап кеткен.

Жауынгер бос уақытында да жаттығуын үзбей жалғастырады. Себебі, күш-қуат пен шымырлық үнемі еңбекті қажет етеді. Сол табандылықпен ол қоғамдық тәртіпті күзетіп, қала қауіпсіздігі мен тұрғындардың тыныштығын қамтамасыз етуге өз үлесін қосып келеді.

– Ұлттық ұландағы қызмет – үлкен жауапкершілік пен төзімділік мектебі. Бұл спорттағы шыңдалумен үндес. Жастарды әскерге барудан қорықпауға шақырып, спортпен шұғылдануда үлгі болғым келеді, – дейді Еркебұлан Келдібаев.

Ал алдағы жоспары – халықаралық жарыстарға қатысып, Қазақстанның туын әлем аренасында биікте желбірету. Өз кезегінде әскери бөлім басшылығы оған әскери қызмет пен кәсіби спортты ұштастыруға толық мүмкіндік беріп отыр.

Нұржамал ӘЛІШ.

«АЛМАТЫ ТАЗАЛЫҚ»

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы тазалық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры бос лауазым орнына орналасуға конкурс жариялайды

Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы тазалық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, 050014, Алматы қаласы, «Көкмайса» шағынауданы, 26 Е, телефон 252-62-15. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні автомобиль жолдарын пайдалану қағидаларының талаптарына жауап беретін жұмыстар кешенін орындау болып табылады, соның нәтижесінде жолдар мен жол құрылыстарының көліктік-пайдалану жай-күйі сақталады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты қаланың көше-жол желісін санитарлық тазалау болып табылады. Кәсіпорын алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) қала көшелерінің жолдарын көктемгі, жазғы және күзгі кезеңде күтіп ұстау бойынша жұмыстарды бөлу жолағындағыуу қоқысты жинау, оны тиеу және қоқыс төглетін жерге шығару, бөлінген белдеулерді шабу және шабылған шөпті жинау, қала көшелерін тазалау және жуу, су өткізгіш жыраларды көктемде қардан, ал жазда қоқысты шығару арқылы жиналған қоқыс пен балшықтан тазалау, тротуар мен жаяу жүргіншілер аймағын қардан, қоқыстан және бөтен заттардан тазалау және жуу;
2) қала көшелерінің жолдарын қысқы күтіп ұстау бойынша жұмыстарды көктайғаққа қарсы материалдарды дайындау, жолдарды қардан тазалау, жолдарды қар үйінділерінен тазарту, жолдардың жүру бөлігін қарлы жамылғыдан тазалау, қарлы дуалдарды жою, қала көшелерінің жүру бөлігін, тротуарларды көктайғаққа қарсы материалдармен өңдеу және оларды жүру бөлігінен қажетті уақыттан кейін тазалау, автобус аялдамаларын қар мен мұздан жүйелі түрде тазалау жұмыстарын орындау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары техникалық білім. Басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы талаптар: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексін, Экологиялық кодексін, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік меншік туралы» заңдарын және Қазақстан Республикасының осы кәсіпорынның қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін

басқа да нормативтік құқықтық актілерін білуі қажет.

Кәсіпорынның өндірістік технологиясын және қызмет көрсетуін, ұйымды басқарудың жаңа әдістерін, стратегиялық жоспарлау, экономикалық индикаторлар жүйесін, шаруашылық және қаржылық келісім-шарттарды жасасу тәртібі мен орындалуын, Кәсіпорынның экономикасын және қаржысын басқаруды, еңбек және өндірісті ұйымдастыруды, салалық келісімдерді, ұжымдық келісім-шарттарды әзірлеуді және жасасуды, әлеуметтік-еңбек қатынастарды реттеуді, еңбек қорғау және қауіпсіздік ережелерін, өрт қауіпсіздігі талаптарын білуі қажет.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін тапсырылатын құжаттардың тізімі:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
3) белгіленген тәртіппен куәландырылған, білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
4) белгіленген тәртіппен расталған еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және одан еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
5) №075/у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.
Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс стажына, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар туралы құжаттардың көшірмелері) беруіне болады.

Конкурсқа қатысу үшін қабылданатын құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру ресми бұқаралық ақпарат құралдары бетінде және Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы ресми сайтында www.gov.kz/memleket/entities/almaty-uzh, жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасына 050021, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 85, 5-қабат, әкімшілік бөлімі (506 каб.) мекенжайы бойынша тапсырылуы тиіс.

Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалар тізімі анықталғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде конкурсқа қатысушылар әңгімелесуді Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасында өтеді.

Анықтама телефоны: 225-12-13, 8 701 777 57 79, 8 778 775 91 99.

КӨҢІЛ АЙТУ

Алмалы ауданы әкімінің аппараты мен аудандық Ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының ардагері **Абдрахман Шәріпұлы ИШМУХАМЕДОВТЫҢ** 101 жасында қайтыс болуына байланысты туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

**Almaty
AQSHAMY**

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Нұрлан СҮЙІН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ALMATY MARATHON – 2025

Биыл Орталық Азиядағы ең Бірі жүгіру алаңы – Almaty Marathon он төртінші рет өткізілді. Ұйымдастырылу жұмыстары жоғары деңгейде өтіп, барлық қатысушы қауіпсіздік пен жайлылықты сезінді.

Дана
САДЫРҚАН

және Тынық мұхит өңірінен (226), Еуропа (166), Солтүстік және Латын Америкасы (40), Африка (3) және Таяу Шығыс (93) аймақтарының азаматтары қатысты. Филиппиннен келген қатысушы Джона Флоридо дүбірлі доданың есте қаларлық оқиға екенін айтты.

– Мен Филиппиннен келдім және бүгінгі Алматыдағы марафонға қатысу мен үлкен қуаныш әрі керемет тәжірибе болды! Барлық қатысушының жігері мен ынтасы мені қатты таңқалдырды. Марафон арқылы адам-

дардың спортқа деген сүйіспеншілігін және бір-біріне қолдау көрсететінін көріп, шабыт алдым. Осындай іс-шараларға қатысу арқылы денсаулыққа көңіл бөлу және жаңа достар табу мүмкіндігін жоғары бағалаймын. Алматы марафоны – шынымен ерекше, есте қаларлық оқиға, – деді филиппиндік ару.

Елордалық Айдана Утениязова болса марафонға екінші рет бағын сынап көруге келіпті. «Екінші рет қатысып жатқан байқауға бүкіл достарымды шақырдым. Дайындығым аз болса да, бойымдағы энергия мен толқуды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес», – деді.

Қатысушы Рамина Сайдалимованың жарысқа қатысудағы басты мақсаты – жеңіс емес, бір темпте жүгіріп, денсаулығын жақсартуға күш салу. Дегенмен, мойнына медальды тақса, өзі үшін зор жетістік болатынын жасырмады.

Скандинавиялық жаяу жүгіруге қатысушылардың бірі Дина Карибаева салауатты өмір салтын ұстану керек екенін жеткізді. – Скандинавиялық жаяу жүгіруге былтыр бірінші рет, биыл екінші рет қатысып отырмын. Салауатты өмір салтын ұстанамын, өзім дәрігермін. Almaty Marathon-ға досыммен бірге келдім, – деді.

Жол бойындағы көрерменнің қолдауы керемет болды. Жанкүйерлер жүгірушілерді жігерлендіріп, барлығына шабыт беретін атмосфера сыйлады.

ЖАРЫС
НӘТИЖЕЛЕРІ:

42 км 195 м, ерлер:

Виталий Шафар (Украина) – 2:19:38
Илья Тяпкин (Қырғызстан) – 2:20:41
Андрей Петров (Өзбекстан) – 2:21:33

42 км 195 м, әйелдер:

Анастасия Деркач (Ресей) – 2:41:24
Елена Толстых (Ресей) – 2:44:11
Екатерина Тунгускова (Өзбекстан) – 2:44:11

21 км 97,5 м, ерлер:

Нұрсұлтан Кеңешбеков (Қырғызстан) – 1:02:44
Ринас Ахмадеев (Ресей) – 1:03:59
Евгений Фадеев (Өзбекстан) – 1:06:42

21 км 97,5 м, әйелдер:

Айнуска Калил Кызы (Қырғызстан) – 1:17:32
Светлана Кудзелич (Қазақстан) – 1:17:44
Карина Костромина (Ресей) – 1:17:52

АМАНАТ

Ербатыр МАРАТ,
алматылық оқушы:

ЕЛІМІЗДІ ӘЛЕМ ТАНЫСЫН!

«Стадионға «Реалдың» жұлдыздарын көру үшін емес,
«Қайратқа» шын жанкүйер болу үшін барыңыздаршы!»

Бұл ойынды асыға күткендердің қатарында Алматыдағы №209 мектептің 7-сынып оқушысы Ербатыр Ерікұлы МАРАТ та бар. Жас жанкүйер әкесімен бірге билет алуға тырысқанымен, ол мүмкін болмай қалыпты. Дегенмен, бұл жағдай Ербатырдың сүйікті командасына деген ықыласын еш бәсеңдетпеген. Керісінше, ол қолдауын өзгеше жолмен жеткізуді ұйғарып, анасы Айдананың рұқсатымен алып торт пісірді.

Көлемі 1x1 метр, салмағы 20 келіден асатын торттың бетіне Қазақстанның Көк Туы бейнеленіп, жиегі «Қайраттың» сары түсті нышандарымен және футболшылардың бейнесімен безендіреді. «Торттың түсінен елімнің Туы мен «Қайратын» әлем танысын деген оймен жасадым» дейді ол.

Алайда, мұндай көлемді тәттіні кімге ұсынбақ, қалай бағаламақ? Бұл сауалға

жауапты Ербатыр әлеуметтік желідегі оқырмандарынан сұрады. Көпшіліктің ұсынысын құп көріп, ол тортты бөліп, арнайы ыдыстарға салып, анасы екеуі «Перзент» балалар үйіне апарды.

– «Қайрат» командасын жақсы көремін. Барлық безендіруді өзім ойластырдым», – дейді Ербатыр.

Жас жанкүйердің пікірінше, команданы қолдау үшін міндетті түрде стадионда болудың қажеті жоқ.

– «Мен үшін «Қайратқа» жанкүйер болу – жүректен шыққан сезім. Билет табылмағанына еш өкпем жоқ. Теледидар алдында отырып та қолдау білдіре аламын. Ең бастысы – «Қайратқа» деген шынайы ықылас», – дейді ол.

Ербатыр жанкүйерлерге «Стадионға «Реалдың» жұлдыздарын көру үшін емес, «Қайратқа» шын жанкүйер болу үшін бары-

ңыздаршы!» деп үн қатты. Біз әлеуметтік желідегі парақшасынан Ербатырдың тортын көрген соң анасына хабарласып, бұл алып тәттіге қанша өнім жұмсағанын сұрадық. Анасы Айдананың айтуынша, тортқа 45 жұмыртқа, 10 кг сүзбе сыр, 8 литр кілегей, 5 кг шоколад, 2 кг қант ұнтағы, 3 кг ұн, 1 кг мастика, 9 дана қант қағазы және 0,5 кг қопсытқыш кетіпті.

Ербатырдың идеясын қолдаған әкесі Ерік пен анасы Айданаға да мың алғыс. Демек, жанкүйерлік стадионмен ғана шектелмейді. Жүректен шыққан қолдау да елге деген сүйіспеншілікті білдіретінін дәлелдеген Ербатырдың әрекеті көпшілікке үлгі. Осындай жас патриоттар барда қазақ спортының да, ел рухының да болашағы жарқын болары сөзсіз.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.